*** модель горелки вносится в паспорт при проведении пуско-наладочных работ авторизованной организацией.**

1.3. Данные об основной аппаратуре для измерения, управления, сигнализации, регулирования и автоматической защиты*

Наименование	Кол-во	Тип (марка)**	ГОСТ или ТУ
Панель управления в том числе:	1		Производство Южная Корея
Электронный контроллер	1	серия UK	«
Термометр	1		«
Датчик температуры	1		«
Датчик перегрева	1		«
Датчик низкого уровня воды	1		«

∗ Заполняется предприятием-изготовителем котла при поставке аппаратуры совместно с котлом. В других случаях заполняется владельцем котла.
∗∗ Тип (марка) аппаратуры может меняться.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПРИЁМКЕ

Котел стальной водогрейный КВа-_____ (ВВ_____)

заводской номер _____

изготовлен в соответствии с «Требованиями промышленной безопасности к устройству и безопасной эксплуатации паровых и водогрейных котлов»,

СТ ТОО 40550360-01-2007

и признан годным к эксплуатации.

Директор по производству _____

Начальник ОТК _____

«_____»_____ 20 г. М.П.

2. СВЕДЕНИЯ ОБ УСТАНОВКЕ

2.1. Сведения о местонахождении котла

Наименование предприятия и его адрес	Местонахождение котла (адрес котельной)	Дата установки

2.2. Сведения об установленной арматуре

Наименование	Кол - во	ГОСТ,ТУ (марка)	Условный проход, мм	Условное давление МПа (кгс/см^2)	Место установки

2.3. Сведения о питательных устройствах

Наименование	Тип	Кол-во	Параметры		Тип привода (паровой,электрич.)
			номинальная подача,м^3/ч	напор, МПа (кгс/см^2)	

2.4. Сведения о водоподготовительном оборудовании

Наименование	Количество	Техническая характеристика

2.5. Сведения о ремонте котла и замене элементов, работающих под давлением

Дата	Сведения о ремонте и замене	Подпись отв.лица

2.6. Лицо, ответственное за исправное состояние и техническую эксплуатацию

Номер и дата приказа о назначении	Должность, фамилия, имя, отчество	Дата проверки знаний Правил	Подпись

2.7. Сведения об освидетельствованиях

Дата	Результаты освидетельствования	Срок следующего освидетельствования	Подпись ответ.лица

«Буран Бойлер» фирмасы шығарған CRONOS бойлерін сатып алғаныңыз үшін алғыс айтамыз

МАЗМҰНЫ

1. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА		**33**
1.1	Қолданылуы	**33**
2.	**ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР**	**34**
2.1	Бойлердің құрылысы	**36**
2.1.1	Қазандық	**36**
2.1.2	Жанарғы құрылысы	**37**
2.1.3	Бойлерді басқару панелі	**37**
2.1.4	Дистанционды басқару пульті	**38**
3.	**БОЙЛЕРДІ МОНТАЖДАУ**	**39**
4.	**ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**	**41**
4.1	Бойлерді пайдалануға дайындау	**41**
4.1.1	Отын	**41**
4.1.2	Бойлерді қосу	**41**
4.2	Бойлерді пайдалану	**42**
4.2.1	Пайдалану кезінде не істеу керек	**42**
4.2.2	Отын жүйесінен тығындарды қалай алу керек	**43**
4.2.3	Пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету	**43**
4.3	Бойлердің күтімі	**43**
4.3.1	Күнделікті күтім	**44**
4.3.2	Отын сүзгішін тазалау	**44**
4.3.3	Бойлерді тазалау	**44**
4.3.4	Отын бағын тазалау	**45**
4.3.5	Жалын датчигін тазалау	**45**
4.3.6	Форсунканы тазалау	**46**
4.3.7	Газжолын тексеру	**46**
4.3.8	Ауаның және отынның берілуін реттеу	**46**
4.3.9	Сақтағыш ;жинақтың жұмысын тексеру	**46**
5.	**АҚАУЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ**	**48**
6.	**КЕПІЛДЕМЕ МІНДЕТТЕР**	**52**
7.	**Жабдықтың кепілді сервистік қызметке қойылуына қажетті талаптардың тізімі**	**52**
8.	**КЕПІЛДЕМЕ ТАЛОНЫ**	**27**
9.	**БОЙЛЕРДІҢ ЭЛЕКТР ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ СҰЛБАСЫ**	**55**
	БОЙЛЕРДІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ	**56**

1.ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сұйық және/немесе газтәрізді отынмен жұмыс істейтін дистанционды басқарылатын автоматты суқыздырғыш қазандық (бойлер) (мәтін бойынша әрі қарай – бойлер) өнеркәсіптік және азаматтық нысандарды автономды жылытуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге қолданылады.
Бойлерлер бөлінеді:

- қуаты бойынша (жылу өнімділігі);
- отын түрі бойынша (табиғи газ, дизель немесе пеш отыны).

Бойлер осы өнім түріне қойылатын ең жоғары өртке қарсы, санитарлық және экологиялық талаптарды қанағаттандыратын күрделі техникалық бұйым болып табылады.

Осы нұсқаулықты ұқыпты оқи отырып, онда мазмұндалған пайдалану ережелерін сақтаңыз. Бұл оның ұзақ уақыт үздіксіз және қауіпсіз пайдаланылуына маңызды дәрежеде кепілдік береді.

2. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Өлшем бірліктерінің және көрсеткіштің атауы	БОЙЛЕРДІҢ МОДЕЛІ				
	КВа 58 ЛЖ/Гн (ВВ 535 RD/RG)	КВа 81 ЛЖ/Гн (ВВ 735 RD/RG)	КВа 116 ЛЖ/Гн (ВВ 1035 RD/RG)	КВа 174 ЛЖ/Гн (ВВ 1535 RD/RG)	КВа 233 ЛЖ/Гн (ВВ 2035 RD/RG)
Жылу өнімділігі, кВт(Ккал/сағ) Соның ішінде ГВС бойынша	58 (50000) 27 (23000)	81 (70000) 51 (44000)	116 (100000) 70 (60000)	174 (150000) 116 (100000)	233 (200000) 140(120000)
ГВС өнімділігі, 45^0, л/мин	9,5	18,3	25,0	41,6	50,0
ПӘК, %	91,3				
Жылу тасымалдағыш	Су, МСТ 2874-82 және «Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздігі және пайдалану талаптарына» сәйкес				
Температуралық кесте, ^{0}С • жылыту жүйелері • ГВС	85/60 10/55				
Ең жоғары жұмыс қысымы, МПа (кгс/см2) • ГВС	0,35 (3,5) 0,6 (6,0)				
Шығатын газ температурасы, °С	220 дейін				
Отынның жылулық қабілеті *	Дизельді $О^р_н$ = 10200 кКал/кг, табиғи газ $О^р_н$ =8000 кКал/нм3 отындағы булардың жарқ ету температурасы 61 °С-ден жоғары болу керек				
Газ қысымы, Па (су бағанасының мм.)	1200÷3000 (120-300)				
Жанарғы құрылғысының отын шығыны: • Дизельді, л/сағ • Газ, нм3/сағ	6,5 7,1	9,1 9,9	12,9 13,9	19,4 20,8	25,9 27,8
Электр желінің параметрлері	220в ±10%, 50в ±0,5гц,				
1	2	3	4	5	6
Ең жоғары пайдаланылатын электр қуаты, Вт	260	270	300	434	434
Габариттер** Ұз х Ені х Биік (1-сур) (мм):одан көп емес BLU типті газды жанарғымен немесе MAX, MAX GAS, MAXI типті сұйық отын жанарғымен	780x566x1134	780x566x1386	1105x736x1386	1105x736x1590	1151x736x1675

Салмағы**, кг:одан көп емес						
MAX типті сұйық отын жанарғымен немесе BLU типті газды жанарғымен		282	320	351	440	565
Жалғанатын жылыту түтікшелерінің шартты диаметрі, (1-сур), мм***	Жылытудың (поз. 2,4)	50	65	65	65	65
	ГВС (поз. 7,8),	20	20	20	20	20
Газжолының сыртқы диаметрі, (поз 1)		164	164	266	266	266
Жобалау өлшемдері, (1-сур), мм	А	475	558	655	660	765
	Б	460	580	515	695	700
	Г	145	163	172	172	177
	Д	825	1055	1020	1215	1305

* отынның басқа түрлерін пайдалану, бойлердің қолданылу мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмас үшін, бойлер өндірушілерінің келісімі бойынша жол беріледі.
** сұйық қазандықтың жанарғының басқа түрін пайдалану кезінде L өлшемі және массасы кестеде көрсетілген мәндерден ерекшеленуі мүмкін.
***Құбыржолын, құбырды жалғауға арналған цилиндрлік ойма.
Газ жолының диаметрі (поз 1) ±3 мм дәлдікпен көрсетілген.

2.1 БОЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Бойлер құралады:

- қазандықтан
- жанарғы құрылғысынан (қазандық төлқұжаттың 1.2.т.қараңыз)
- басқару панелінен
- дистанционды басқару пультінен.

2.1.1 ҚАЗАНДЫҚ



1-сурет Бойлердің сыртқы түрі

1 – Газжолының түтікшесі
2 – Жылыту жүйесінің шығыс түтікшесі (берілуі)
3 –қарау саңылауы
4 – Жылыту жүйесінің кіріс түтікшесі(кері қайту)
5 – басқару панелі
6 – жанарғы құрылғысы
7 - ГВС салқын судың кіретін түтікшесі
8 – ГВС ыстық судың шығатын түтікшесі

2.1.2 ЖАНАРҒЫ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Жанарғы құрылғысы отынды (газды/сұйық), белгілі бір сәйкестікте ауамен араластыру, қоспаның тұтануы және жану алауын тұрақтандыру үшін қолданылады.

Жанарғы құрылғысының құрамына мынадай элементтер кіреді: жандыру трансформаторы, желдеткіштің электр қозғалтқышы, отынды беру және шашырату құралы, жану құбылысын бақылау датчигі.

Назар аударыңыз!

Жанарғы құрылғысы күрделі техникалық түйін, оның күйге келтіруі мен қызмет көрсетуі білікті маманмен жүзеге асырылу тиіс.

Жанарғы құрылғысының жұмысы:

Жанарғы құрылғысын, іске қосудан кейін бастапқы 15 секунд бойы қазандықты желдеткішпен (жарылудан қорғау үшін) үрлейді, содан кейін, отын (сұйық отынды жанарғыны пайдаланған жағдайда) қосылған сорғы немесе (газды жанарғыны пайдаланған жағдайда) редукционды клапан арқылы, отынның жіңішке шашыратылуы және желдеткішпен берілетін ,ауаның ағынымен қосылуын жүзеге асыратын форсункаға беріледі. Құрастырылған желдеткіштен келетін ауамен бірге берілетін автоматты жандырады.Содан соң, отынды-әуе қоспасы жанады.

Отын мен ауаның қатынасын дұрыс реттеу кезінде отын толығымен жанып бітеді және түтін мүлде болмайды. Жанарғы бойлердегі судың температурасын қысымын және бойлерде жалынның болуын бақылайтын басқару пультімен қосылады. Берілген температураға жеткен соң жанарғы автоматты түрде сөндіріледі. Егер бойлердегі судың температурасы төмендейтін болса, жанарғы автоматты түрде қайта қосылады.Жалынның бақылануын жанарғының фотодатчигі жүзеге асырады.

2.1.3 ҚАЗАНДЫҚТЫ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



1. **«РЕГУЛЯТОР ТЕМПЕРАТУРЫ»** Қыздыру жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың қыздыру температурасын реттеуші
2. «**ВКЛ/ON, ВЫКЛ/OFF»** Бойлердің электр қоректендіргішін қосу/ажырату түймесі.
3.**«ПИТАНИЕ» (RESET) (қоректендіру)** Электр қоректендіргіштің қосылу индикаторы (жасыл). Жанып тұр – бойлер қосылған, жанбайды – бойлер сөндірілген.
4. «**ГОРЕЛКА» (жанарғы)** Жанарғының жұмыс индикаторы (жасыл). Жанарғының жұмыс істеп тұрғандығын растайды.
5. «**ГОРЕНИЕ» (жану)** Отынның жану индикаторы (жасыл). Отын жандыру камерасында жануын және жылу тасымалдағыштың қыздыруын растайды.

6.**«НАСОС»** (сорғы) айналдыру сорғысының жұмыс индикаторы (жасыл). Айналдыру сорғысының жұмысын, жылыту жүйесі бойынша жылу тасымалдағыш айналысын растайды.
7. **«ПЕРЕГРЕВ»** (артық қызу) бойлер корпусының қыздыру индикаторы (қызыл). Температура реттегішімен жылу тасымалдағыштың температурасын ең төменгі мәнге қойыңыз. Бойлердің электр қоректендіргіш түймесін сөндіріп, қайта қосыңыз. Бұл жағдайда қайталанатын болса, 5т.қараңыз.
8. **«УРОВЕНЬ ВОДЫ»** (судың деңгейі) жылыту жүйесінде судың жетіспейтіндігін ескертетін индикатор (қызыл). Жылыту жүйесінің сіңіру қабілетін және/немесе жылыту жүйесінен ауаны шығару керектігін көрсетеді.
9. **«АВАРИЯ»** бойлердің кенет тоқтағандығын ескертетін индикатор (қызыл). Отынның қалыпты берілуінің бұзылғандығын немесе жанарғыда немесе бойлерде қандай да бір ақаудың болғандығын білдіреді. Бойлердің электр қоректендіргіш түймесін сөндіріп, қайта қосыңыз. Бұл жағдай қайталанатын болса, 5т.қараңыз.
10. Бойлердегі жылу тасымалдағыш температурасының°С индикаторлары.

2.1.4 ДИСТАНЦИОНДЫ БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

Дистанционды басқару пульті кез келген бөлмеде, пайдаланушыға ыңғайлы кез келген жерде бойлерді пайдаланудың қажетті тәртіптерін(режимдерін) белгілеуге қолданылады.
Дистанционды басқару пульті бар бойлердің топтамасы тапсырысшының таңдауы бойынша жинақталады.



4-сурет

1. Температура индикаторы °С Бөлмедегі ауаның температурасын немесе сіздің қалаған ауаның температурасын көрсетеді (5-түймені қосқанда).
2. Бойлердің үздіксіз жұмыс тәртібін қосу түймесі. Бұл режимде бойлер басқару панеліндегі температура реттегішімен берілген тек қана жылу тасымалдағыштың температурасын ғана, бөлмедегі ауаның температурасы бойынша, бақылайды.
3. Бойлер жұмысын еруден сақтау тәртібіне қосу түймесі, жылыту жүйесінде жылу тасымалдағыштың температурасын $+5^0$С-ден $+40^0$С-ге дейін қамтамасыз етеді. Бұл тәртіп салқын мезгілде үй иелері үйде ұзақ уақыт болмаған жағдайда қолданылады. Бұл тәртіпті электр энергияның тұрақты сөнуінде қолдануға болмайды.
4. Ыстық сумен қамтамасыз ету тәртібін қосу түймесі. Бұл тәртіпте бойлер ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді, ал қалған тәртіптер сөндіріледі.

5. Бөлмеде берілген температура бойынша жылыту тәртібін қосу түймесі.
6. «Время» (Уақыт) тәртібін қосу түймесі. Сізбен 8- реттегішпен таңдап алынған уақыт аралығымен 15 минут бойы бойлердің автоматты қосылу тәртібін белгілейді.
7. (°С) Жылытылатын бөлмеде ауаның қажетті температурасын реттеуіші. Шамамен $+5^0$С-ден $+40^0$С-ге дейінгі температураны қамтамасыз етеді. Қажетті температураны 5-түймені қосқан кезде орнатылады.
8. «Время» Уақыт тәртібіне бойлерді қосу аралығын реттеуші.Реттеуішпен белгіленген уақыт интервалдары арқылы, 15 минут уақыт аралығына бойлердің автоматты қосылу тәртібін белгілейді (6- түймесін қосқанда).
9. Қазандық жұмысының индикаторы (жасыл). Қазандықтың жұмысын растайды.
10. Бойлердің кенет тоқтағандығын ескертетін индикатор (қызыл). Отынның жоқтығын, бойлердің артық қызғандығын, жылыту жүйесінде су көлемінің жеткіліксіздігін немесе бойлерде қандай да бір ақаудың болғандығын білдіреді.

3. БОЙЛЕРДІ МОНТАЖДАУ

3.1 Бойлер, «Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздігі және пайдалану талаптары» ҚР СНжЕ 4.02-08-2003 «Қазандық қондырғылары», ҚР СН 2.02-14-2002 «Газтәрізді және сұйық отынмен жұмыс істейтін кіші өлшемді жылыту қазандықтарын технологиялық жобалау нормалары. Өртке қарсы қойылатын талаптар», ҚР СН 4.02-16-2005 «Бірпәтерлі тұрғын үйдің инженерлі жүйелерді жобалау және салу» сияқты басқару құжаттарының талаптарына сәйкес келетін ғимараттарда және бөлмелерде орнатылуы тиіс.

3.2. Бойлер, алдын-ала дайындалған алаңда, іргетас бұрандаларының бекітуінсіз орнатылады.

3.3 Бойлерді және қосымша жабдықты электрлік монтаждау және жерлендіру «Электр қондырғыларды орнату ережелеріне» сәйкес жүргізіледі.

3.4. 2-суретте міндетті (9поз. және жылы судың айналымын ескермей алғанда)сұйық отынмен жұмыс істейтін бойлердің ұсынылатын байланыстыру сұлбасы көрсетілген.Ұсынылатын сұлбасынан газ тәрізді отынды пайдаланған жағдайда 10,11,12,13 позициялары жойылып газды коллектор мен газдың кемуін анықтау құрылғымен от алмау клапаны қосылады.Келтіруші газ құбырының бойлердің жанарғысымен қосылуын газ тәрізді отынға арналған иілгіш жеткізгіш арқылы қамтамасыз етілсін.

3.5. Бойлер еденнен 10÷15 см-ден жоғары үстеп құйылған бетонға орнатылсын.

3.6. Түтіндік құбыры секцияларының саңылаусыздық қосылуларын қамтамасыз ету жөн.



2 сурет. Қазандықты орнату сұлбасы

1 – қазан
2 – жанарғы
3 – желілік сорғы
4 – жабық түрдегі кеңейтілген бак (ашық түрін қолдануға болады)
5 – сақтандырғыш жинақ
6 – алмалы учаскесі бар газжолы
7 – түтін құбыры
8 – сүзгі
9 – кері клапан
10 – аралық отын бағы
11 – сұйық отынды сақтауға арналған сыйымдылық
12 – отын сорғысы
13 – отынды жұқалап тазалауға арналған сүзгі
14-түтін құбырының тіркеуіш байланысы
15- полифосфат мөлшерлегіші

Ауданы 1 м^2 жанарғы астындағы еден кафель плитасымен жабылуы тиіс.

4. ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

4.1 БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

4.1.1 ОТЫН

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!Отынды 2-тармаққа сәйкес сипаттамаларымен қолданыңыз.

Сұйық отын

Бойлердің жарылуын алдын алу үшін бензинді, спиртті және басқа жанғыш сұйықтықтарды қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. 100 пайыз тазартылған керосинді пайдалану артық қызуға және иірілгіштердің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Отын оттан, күн сәулесінен және атмосфералық жауын-шашындардан қорғалған жерлерде сақталады.

Ауаның -5^{0}С төмен температурасында «Қысқы» маркалы дизель отынын немесе жазғы отынға 1:2 қатынаспен керосин қосып қолдануға болады. Егер отын қоюланса, отын қоспаларын пайдалану керек.

Қысқы мезгілде «Жазғы» маркалы отынды қолдануға болмайды, себебі отын құбыржолында парафиндік тығындар түзілуі мүмкін.

Қазандық бөлмесінде отын айналадағы ауаның температурасы салдарынан жанарғы құрылғының (сүзгі, отын сорғысы және отынды тозаңдандыру түйіні) қолдану мерзімін ұзартатын қосымша сүзгілеу және қыздыруды аралық отын ыдысын орнату ұсынылады.Аралық ыдыстың ҚР СН 2.02-14-2002 талаптарына сәйкес максималды іштілігі 0,8 м^3 ден көп болмауы тиіс.

Қазандық бөлмесінен тыс орналасқан басты отын ыдысын толтырған кезде: бойлерді сөндіру, шығыстағы кранды жабу керек. Айырылған немесе қосымша тазартылған отынды қолданыңыз.Отын ыдысына судың немесе ластың кіруін болдырмаңыз.

Бойлерді қосар алдында ластарды және отын бағына құйылған суды тұндыру үшін отынды 10-12 сағат тұндыру керек. Отын ыдысынан қалдық шламдардан және судан үздіксіз дренажды сызық арқылы тазартып отырыңыз.

Отын ыдысының 80 пайыздан артық толуына жол бермеңіз!

Сұйық отынның отынқұбыры абсолюттік герметикалықты қамтамасыз етуі тиіс, кері клапан су тарту жерінде отынқұбырдың ішкі диаметрі 20мм-ден төмен және ұзындығы 15м-ден көп болмауы тиіс. Отынды тарту жері жанарғы құрылғысының деңгейінен 3÷3,5м төмен орналаспауы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Отынқұбырдың сору кезіндегі сұйылтуы 0,45 бар-дан жоғары болмауы тиіс.

Газ тәрізді отын

- Газбен қамтамасыз ету сұлбасы әрбір нақты жағдайда жеке шешіледі және ұсынылған сұлбадан ерекшеленуі мүмкін.
- Газ құбыржолдары ретінде электрмен дәнекерлеу қолданылады.
- Табиғи газ үшін газ құбыржолын қосу орны бойлерден жоғары болу керек.
- Газ құбыржолында вентилі бар үрлеу құбыр жолы қарастырылуы тиіс.
- Газ құбыржолдары орналасу тиіс:
- электр сымдарынан 150 мм және одан көп қашықтықта;
- электр аспаптарынан және құрылғыларынан.600 мм және одан да көп.
- Құбырлар дәнекерлеу арқылы жалғануы тиіс. Оймалы және ернемекті қосылыстар тығын арматурасы, газ аспаптары және басқа жабдықтар орнатылған орындарда жасалады.
- Газ құбыржолы бойлерге жалғанған соң ағуды анықтау үшін бір минут уақыт бойына 4120 Па кем емес қысыммен сынақ жүргізілуі тиіс (қысым өлшемі және сынау уақытын көбейтуге болмайды, себебі бұл жанарғы бөліктерінің істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін).
- Бөлмені желдету керек.

4.1.2 БОЙЛЕРДІ ҚОСУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бойлерді қосар алдында тексерілуі тиіс:

- Бойлер мен жылыту жүйесіне судың жеткілікті көлемі толтырылғандығы
- Жылыту жүйесінен ауа жинағыш арқылы ауаның шығарылғандығы
- Кеңейткіш бөшкеде судың жеткілікті мөлшерінің болуы
- Сақтандырғыш жинақтың дұрыс орнатылуы мен жұмыс жасауы (4.3.9т. қараңыз)
- Бойлер және түтін құбырының дұрыс жерлендірілуі. Газ құбырына, жылыту жүйесіне және электр сымға жерлендіруге жол берілмейді.
- Отын ыдысында оның көлемінің 1/3 кем емес отынның болуы
- Отын сүзгісіне отынның еркін түсуінің қамтамасыз етілуі

- Қазандық бөлмесі ауа ағынымен қамтамасыз етілгендігі және барлық өртке қарсы талаптарды қанағаттандыратындығы
- Құбырлы байланыстарда және жанарғы байланысында газдың шықпауы
- Газ құбыржолындағы газ қысымының жұмыс ауқымына сәйкес келуі
- 220 В±10 параметрлерімен электр энергияның қамтамасыз етілуі.
- Түтіндік құбыры секцияларының герметикалық байланыстарының қамтамасыз етілуі (2сур.,14т.).
- Жанарғының алдындағы газ құбырының қысымы жұмыс диапазонына сәйкес келетіні

Пайдаланушы бойлерді зауыт-өндірушінің сервис қызметінің немесе Өткізу-қабылдау актісімен расталған аттестатталған ұйымның жабдығын біріншілік іске қосу немесе нұсқау алғаннан кейін пайдалана алады.

Бойлерді келесі кезектілікпен қосу ұсынылады:
Сұйық отынмен

- Бойлерді басқару панеліндегі термореттеуішті су температурасының қалаған деңгейіне, бірақ 60 °С-ден жоғары емес температураға орнатыңыз;
- Бойлердің желілік ашасын розеткаға қосыңыз.
- Желі ажыратқышын **«ВКЛ/ON»** қосу, осыған байланысты **«ПИТАНИЕ»** (қуат көзі) индикаторы жануы тиіс.
- Жанарғының желдеткіші жұмыс істей бастағанына және 15-30 секунд бойы бойлердегі жану камерасын үрлеу процесіне көз жеткізіңіз.
- Отынның тұтанғандығына және отынның **«ГОРЕНИЕ»** (жану) индикаторының жанғандығына көз жеткізіңіз.
- Отынды тұтандыру кезінде қазандық бөлмесінде мақтаны және жану өнімдерінің лақтырындыларын пайдалануға жол берілмейді.
- Егер отын тұтанбаса, онда «**АВАРИЯ**» индикаторы жанады.
- Бұл жағдайда бойлерді басқару панеліндегі желі қосқышымен қайта қосыңыз. Егер бойлер қайта қосылмаса, 5-бөлімнің №9-себебін қараңыз.

Газтәрізді отынмен

- Бойлерді басқару панеліндегі термореттеуішті су температурасының қалаған деңгейіне орнатыңыз.
- Жанарғының қысым реттеушінің алды мен кейінгі газ қысымын тексеріңіз.
- Бойлердің желілік ашасын розеткаға қосыңыз. Бойлердің басқару панелінде желі ажыратқышын **«ВКЛ/ON»** қосу, осыған байланысты «**ПИТАНИЕ**» (қуат көзі) индикаторы жануы тиіс.
- Жанарғының желдеткіші жұмыс істей бастағанына және 15-30 секунд бойы бойлердегі жану камерасының үрлеу құбылысына көз жеткізіңіз.
- Отынды тұтандыру кезінде қазандық бөлмесінде мақтасыз және жану өнімдерінің қалдықтарын пайдаланбай, отынның тұтанғандығына және отынның «**ГОРЕНИЕ**» индикаторының жанғандығына көз жеткізіңіз.
- Егер отын тұтанбаса, онда «**АВАРИЯ»** (от алмау) индикаторы жанады.
- Бұл жағдайда бойлерді басқару панеліндегі желі қосқышымен қайта қосыңыз. Егер бойлер қайта қосылмаса, 5-бөлімнің №9-себебін қараңыз.
- Тұтандырғаннан кейін алаудың тұрақты жануы үшін газ бен ауаның берілуін реттеу қажет.

4.2. БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

4.2.1 БОЙЛЕРДІ ПАЙДАЛАНҒАНДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

Қазандық бөлмесін және бойлерді әрдайым таза ұстаңыз.

Бойлердің жанында жанғыш материалдарды сақтамаңыз.

Отынның тұтануы мен жануы қалыпты жүріп жатқанын қарау терезесі арқылы көзбен тексеріңіз. Жалын біртегіс, ашық-сары түсті болуы тиіс. Газ шығаратын құбырдан таза, түссіз бу шығуы тиіс. Бұл жағдай орындалмаса, 5-бөлімнің №12-себебін қараңыз.

Жазатайым оқиғалар орын алмас үшін жұмыс істеп тұрған бойлерді қарау және реттеу кезінде сақ болыңыз. Жоғары температурадағы газ жүретін құбырға жақындамаңыз.

Күн сайын сақтандырғыш жинақтың дұрыс күйінде болғанын тексеріңіз (4.3.9.т.қараңыз)

Тұрмыстық мақсаттар үшін жылыту жүйесінен суды пайдалануға болмайды.

Суды бөлшектегенде ол ыстық беттерде тұнбаланатын кальций тұзын және магнийді құрайтын салқын сумен толады. Бұл ПӘК-тің төмендеуіне, құбыр жүйесінің тез тозуына және бойлердің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Өндіруші-компания мамандарының рұқсатынсыз қолданыстағы отынмен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, автоматика, қорғау және тағы басқа сұлбаларға өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Жылыту жүйесіне және сіңіру үшін қолданылатын судың сапасы «Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздігі және пайдалану талаптарын» қанағаттандыруы тиіс.

100кВт-қа дейін жылу өнімділігі бар бойлердегі жылыту контурдағы қаспақтың пайда болуын жою үшін ұсынылады, ал 100кВт-тан жоғары жылу өнімділігі бар бойлердегі полифосфаттың мөлшерлілігін орнату қажет. (15поз., 2сур.).

ГВС жүйесінде ГОСТ 2874-82 «Ауыз су» талаптарына сәйкес ауыз суды қолдануға рұқсат беріледі. Сіңіруге қолданылатын судың көлемі СНжЕ4.02-02-2004 «Жылу желілерінде» көрсетілген нормалардан асып кетпеу керек.

4.2.2 ОТЫН ЖҮЙЕСІНЕН АУА ТЫҒЫНДАРЫН ҚАЛАЙ ЖОЮҒА БОЛАДЫ
(сұйық отынды жанарғыны пайдаланған кезде)

Отын ыдысын отынмен қайта толтырған кезде жүйеге ауа кіруі мүмкін, бұл тұтану және бойлердің қалыпты жұмысын бұзу себебі болуы мүмкін.

Егер жанарғының форсункасына отын келіп түспесе, бойлерді желіден ажыратып, отын сүзгішінің және сорғының бұрандасын бұрауышпен босатыңыз және ауаны шығарыңыз. Таза, ауа көпіршіктері жоқ, отын шыққан соң бұранданы қайтатыңыз және бойлердің басқару пультіндегі электр қоректендіргішін қосыңыз.

4.2.3 ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бойлерді пайдалану кезінде 3.1.тармақта көрсетілген құжаттардағы талаптарды орындау қажет

Жану қауіпсіздігі	Кернеулі электржелімен бойлер қосылмаған жағдайда немесе газдың болмауынан ажыратылмаса, «**АВАРИЯ**» индикаторы – жанудың жоқтығын ескертетін индикатор жанады. Бойлер жұмысы құлыпталады.
Судың төменгі деңгейі	Егер бойлерде су жеткіліксіз болса, жанарғы құрылғысы сөнеді.Осы кезде **«УРОВЕНЬ ВОДЫ» (судың деңгейі)** индикаторы жанады
Артық қызуды болдырмау	Егер термостаттың ақаулығына байланысты бойлер артық қызатын болса (температурасы 95^{0}С көп болса), артық қызудан қорғау жүйесі іске қосылады,осы кезде **«ПЕРЕГРЕВ»** (артық қызу) индикаторы жанады**,** және ол автоматты түрде сөндіріледі. Бойлер суығаннан кейін 5-бөлімнің №7 себебінің ұсыныстарын орындау қажет.
Электрмен қамтамасыз етуді тоқтату	Егер электр сөнетін болса, отынның берілуі мен жануы автоматты түрде тоқтайды. Электр қосылған соң қазандық автоматты түрде қосылады және жұмысын жалғастырады.
Газбен жұмыс жасайтын жанарғының қауіпсіздігі	Газ қысымы төмендегенде немесе оның кенет өзгеруінде қысым реттегіш жанарғының жұмысын автоматты түрде сөндіреді. Жанарғының қандай да бір ақаулықтары туындаған жағдайда 1 секундта газдың берілуін тоқтатып, соленоидты газ клапаны іске қосылады. Жанарғыны қалыпты пайдалану үшін қоршаған ортаның температурасы -10^{0}С-тан +60^{0}С-қа дейін.
Сақтандырғыш жинақтың жұмыс жасау қауіпсіздігі	4.3.9 тармақты қараңыз

4.3 БОЙЛЕРГЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Назар аударыңыз!Бойлердің дұрыс күтімі отынның артық шығындаудан құтылуға мүмкіндік беріп, өрт қаупі бар жағдайларды жоюды және бойлерді пайдалану мерзімін арттырады.Бойлерге күтім жасау үшін мезгілдік техникалық қызмет көрсету бойынша аймақтық өкіліне барыңыз.Бойлерге қызмет көрсетудің барлық әрекеттері білікті қызметкерлермен жасалу тиіс.

4.3.1 КҮНДЕЛІКТІ КҮТІМ

- Бойлердің жанында жанғыш материалдарды сақтамаңыз.
- Бойлерді таза ұстау керек. Әрдайым жабдықтан шаңды сүртіп отырыңыз.
- Әрдайым отын құбыр жолдары, сүзгі корпустары қосылыстарының, жанарғыдағы, құбырдағы және бойлер корпусындағы қосылыстардың саңылаусыздығын тексеріңіз.
- Отын багының дренажды кранын үнемі ашыңыз және қалған су мен ластарды төгіп отырыңыз.
- Газжолынан газды отынның жану кезінде қара күйелердің түзілуін тексеріңіз.
- Жанарғы жұмыс істеп тұрғандағы жалынның түсін тексеріңіз.

4.3.2 ОТЫН СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ

Сүзгінің ластарға толуын осы сүзгінің мөлдір стақаны арқылы оңай анықтауға болады.

Егер сұйық отынды жандырған кезде сүзгі ластанса, оны келесі кезектілікпен тазалаңыз:

- Бойлерді тоқтатыңыз
- Отын кранын жабыңыз
- Сүзгінің мөлдір стақанын бұрап алыңыз (3-сурет)
- Сүзгіні алыңыз
- Сүзгіні және стақанның ішін таза керосинмен немесе соляркамен тазалаңыз (4-сурет)
- Егер қажет болса, сүзгі элементін ауыстырыңыз.
- Кері кезектілікпен сүзгіні жинаңыз.



3сурет



4-сурет

4.3.3 БОЙЛЕРДІ ТАЗАЛАУ

Бойлердің ішінде күйенің жиналуы бойлердің қолдану мерзімін қысқартады және отын көп жұмсалады. Сондықтан ең болмаса, жылына бір рет жылыту мезгілдің алдында немесе кейін бойлердің ішкі бөліктерін тазалау керек.

Ол үшін төмендегі жағдайларды орындау керек:

- Отынды және электрэнергияның беруін тоқтату
- Жанарғыны шешіп, тазарту (5-сурет)
- Газжолының алмалы бөлігін ажырату
- Бойлердің жоғарғы декоративті қақпағын алу (6-сурет)
- Ұшқын бәсеңдеткіштің қақпағын алу(6-сурет)
- Ұшқын бәсеңдеткіш пен газиіргішті алып, тазалау (6 және 7-суреттер)
- Газ жолын тазалау (пеш құбырларын) (7,8-суреттер)
- Жандыру камерасының мойыны арқылы бойлер пешінен күйені тазалау (8-сурет).

Жазғы уақытта бойлерді пайдалану кезінде қысқы мезгілі алдында бойлерді тазалау керек. Мезгілдік тазалықты жүргізу үшін Сіз Сервис орталығының қызметтерін пайдалана аласыз.



4.3.4 ОТЫН БАГЫН ТАЗАЛАУ

Отын багын толтыру немесе ұзақ уақыт жұмыс істеу кезінде отын багында су жиналуы мүмкін. Оны отын багының дренажды краны арқылы төгу керек.

4.3.5 ЖАЛЫН ДАТЧИГІН ТАЗАЛАУ

Күйенің жиналу салдарынан датчиктің жарық-сезімтал бетінің ластануы оның сезімталдығын төмендетеді және бойлердің жұмысын бұзуы мүмкін.

Тазалау үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

- Жалын датчигін ұяшығынан шығару (9-сурет)
- Датчиктің әйнекті бетін жұмсақ ветошьпен сүртіңіз және орнына орнатыңыз.

9-сурет

4.3.6 ФОРСУНКАНЫ ТАЗАЛАУ

- Жанарғыны алу
- Белгілі кезектілікті сақтап, форсунканы бөлшектеу (10-сурет)
- әрбір бөлігін керосинде жуып, үрлеу
- кері кзектілікпен форсунканы жинау



10сурет

4.3.7. ГАЗ ЖОЛЫН ТЕКСЕРУ

Жылына бір рет тексеріңіз:

- газжолы қосылысының саңылаусыздығын, бөлмеде шығарылатын газдардың шығуын- толық саңылаусыздықты талап етеді.
- күйенің түзілуін- дереу жоюды талап етеді.
- газжолының мүжілуін (таттың болуын) егер тесіп өткен тат бар болса- газжолдың учаскесін алмастыру.

4.3.8 АУАНЫҢ ЖӘНЕ ОТЫННЫҢ БЕРІЛУІН РЕТТЕУ

Ауаның және отынның берілуін реттеу жұмысы жанарғы шығару –зауытының нұсқаулығына сәйкес болу керек

4.3.9 САҚТАНДЫРҒЫШ ЖИНАҚТЫҢ ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРУ



11- Сурет

1-манометр
2-сақтандырғыш клапан
3-автоматты ауа ығыстырғыш
4-сақтағыш кішкене қалпақ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! сақтандырғыш клапанның кенеттен жұмыс жасай бастаған кезде жарақаттануды болдырмау үшін, оның шығару түтікшесі дренаж желімен байланысқан болу тиіс.

- Сақтандырғыш жинақтағы түйіндердің визуалды бақылауды өткізу. *11- Сурет*
- Сақтағыш клапанды тілге қарай тартып, шешіңіз(4)
- сақтағыш клапанның тұтқасын (2) сағат тіліне кері оған тән келетін шертпеге дейін бұрып жіберіңіз, осы кезде манометр тілі қысымның төмендуін көрсетуге (солға қарай ауытқу) тиіс

Егер қысым төмендемеген болса, сақтағыш клапанды ауыстыру қажет

- Сақтағыш клапанды бастапқы орынға киіңіз

Атмосфералы кеңейту багы бар жылыту жүйесіне қосылған қазандықтарда сақтандырғыш жинақтың тексеруін сервисті қызметтің қызметкері маусымды жұмыстарды орындаған кезде немесе қазандықтың Иеленушісі аттестатталған зертханада, жылына 1 реттен сирек емес, өткізу керек

5. АҚАУЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақау себебі	Себебі	Жою шаралары
1	2	3
1. Бойлерді қосқан кезде оның басқару панелінде шамдар жанбайды.	1.1 Электр тогының болмауы	Электр тогының берілуін тексеріңіз және қамтамасыз етіңіз.
2. Электр тогы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында шамдар жанбайды	2.1 Электрден қорғау құрылғысы істен шығуы немесе розеткада контактының болмауы	Тексеріңіз және қажет болса Электрден қорғау құрылғысын ауыстырыңыз.
3. Электр тогы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында қызыл немесе сары шамдар (бір уақытта) жанып тұр	3.1 Желідегі кернеуі нормаларға сай еместігі (200В-240 В)	Тексеріп, қалыпты кернеу берілгенше күтіңіз. Желіде кернеулердің жиі ауытқуында тұрақтандырғыш орнату керек.
4. Электр тогы берілді, қорғау құрылғысы желіге қосылды. Электрден қорғау құрылғысында жасыл шам жанып тұр. Бойлердің басқару панелінде шамдар жанбайды.	4.1 Электрден қорғау құрылғысының розеткасында контактының болмауы 4.2 Бойлер сақтандырғышының жануы.	Тексеріңіз және ақауды жойыңыз. Тексеріңіз және қажет болса, сақтандырғышты ауыстырыңыз.
5. Электр тогы берілді, «**ПИТАНИЕ**» индикаторы жанып тұр, авариялық индикаторлар жанбайды, бірақ бойлер жұмыс істемейді	5.1 Бөлмеде температура дистанционды басқару пультінде белгіленген мәннен жоғары. 5.2 Бойлердегі судың температурасы белгіленген деңгейге жеткен. 5.3 Дистанционды басқару пультінде ыстық сумен қамтамасыз ету тәртібінің қосылуы	Бойлер қалыпты жұмыс істейді. Егер бұл қажет болса, дистанционды басқару пультінде бөлмедегі температурадан жоғары ауаның температурасын қою, немесе ауаның температурасы төмендегенше күтіңіз. Бойлер қалыпты жұмыс істейді. Егер бөлме салқын болса, бойлердің алдыңғы панеліндегі термореттеуішпен бой-лердегі температураны көтеріңіз. Егер Сізге жылу қажет болса, дистанционды басқару пультіндегі 2 немесе 5 түймесімен жылыту тәртібін қосыңыз.
6. «**УРОВЕНЬ ВОДЫ**» (судың деңгейі) индикаторы жанып тұр	6.1 Жылыту жүйесіне артық судың толуы 6.2 Жылыту жүйесіне жалғанатын бойлердің шығыс түтікшесі магистральды құбыржолынан жоғары орнатылуы. Бұл жағдайда қазандықтың жоғарғы бөлігінде ауаның жиналуы – ауа тығынының пайда болуы. 6.3 Сымдарды датчикке бекіту қосылыстарының орнында контактының нашарлауы	Ағуды тоқтатыңыз, жылыту жүйесін сумен толтырыңыз және жылыту жүйесінен ауаны шығарыңыз. Жылыту жүйесінің магистральды құбыржолына берілетін бойлердің шығыс түтікшесін қосу сұлбасын өзгертіңіз. Тексеріп, ақаулығын жойыңыз.

1	2	3
7. «**ПЕРЕГРЕВ** (артық қызу) индикаторы жанады.	7.1 Қазандықтың артық қызуы	Жану термореттеуішін ең төменгі температураға қойыңыз, 10-15 минут күтіңіз. Қазандықтағы артық қызу түймесін басыңыз және бойлерді қайта қосыңыз .*
	7.2 Электр қосылысының датчикке жалғанған бекіту сымдарында контактының нашарлауы.	Тексеріп, контакттың ақаулығын жойыңыз.*
8. «**АВАРИЯ**» индикаторы жанады. Бойлерді қосқанда үрлеу басталады, бірақ қосылмайды немесе қосылады да, бірден сөнеді, кейде қатты соққымен сөнеді.	8.1 Отын жолына ауаның түсуі	Отын сүзгісінің тығыны және ауаны шығару клапаны арқылы ауаны шығарыңыз. Бойлерді желіден ажыратыңыз. Жанарғы бақылауындағы қорғау түймесін басыңыз. Бойлерді желіге қосыңыз. Қажет болса бірнеше рет қайталаңыз.
	8.2 Отын ыдысында отынның болмауы	Отын ыдысына отын толтырыңыз. Отында ластар тұнбаланған соң 3-5 сағаттан кейін отын құбыржолынан ауаны шығарыңыз. Ұсынысты 8.1 т. сәйкес орындаңыз.
	8.2.1 Газдың болмауы	Газдың болуын тексеріңіз
	8.3 Отын сүзгісінің ластануы	Таза керосинде отын сүзгісін тазалап жуыңыз. Ауаны шығарыңыз. Қажет болса сүзгіні ауыстырыңыз.
	8.4 Отын түрі паспорт деректеріне сай еместігі	Сервис орталығымен отын түрін келісу. Отынды ауыстырыңыз.
	8.5 Отынға судың түсуі	Суды төгіп, отын құбыржолын үрлеңіз және ауаны шығарыңыз.*
	8.6 Құбыржолы орналасқан жерде немесе отын ыдысында төмен температура салдарынан отынның қоюлануы	Отынды қандай да бір өртке қауіпсіз әдіспен қыздырыңыз немесе қату орнын жылытыңыз, немесе отынды «қысқы» түріне ауыстырыңыз. Тұндырманы қолданыңыз немесе отынға керосин, бірақ 1/3 көп емес солярка қосыңыз.
	8.7 Бұрын қолданылған отын түрінен айрықша отынның қолданылуы. Жанарғыны реттеудің бұзылуы.	Отынның берілуін реттеңіз.*
	8.8 Жанарғы форсункасының ластарға толуы.	Форсунканы тазалаңыз. *
	8.9 Қазандық ішінде газжолдарында күйенің түзілуі. Бұл жағдайда бойлерде қатты сілкулер болуы мүмкін	Газжолдарын және газиірімдерін тазалаңыз.
	8.10 Электр желідегі кернеудің рауалы параметрлерге сәйкес еместігі, 200-240В	Желіден бойлерді ажыратып, кернеудің қалпына келуін күтіңіз немесе тұрақтандырғышты

		орнатыңыз
	8.11 Электр қозғалтқыштың сынуы	Сервис орталығымен хабарласыңыз
9. Бойлердің қосылуында жалын жанады, бірнеше секунд жанып, сөнеді. Жанудың жоқтығын ескертетін «**АВАРИЯ»** индикаторы жанады.	9.1 Фотодатчиктің кебуі	Фотодатчикті жұмсақ ветошьпен тазалаңыз.
10. Бойлерді қосқанда желдеткіш іске қосылады, бірақ бірнеше секундтан кейін ажыратылады. Жанудың жоқтығын ескертетін «**АВАРИЯ**» индикаторы жанады.	10.1 Фотодатчиктің сынуы	Фотодатчикті ауыстырыңыз.*
11. Жанарғы жалынын тұтандыру кезінде жану камерасында қатты соққы естіледі.	11.1 газжолының ұзындығы мен диаметрі бойлерге белгіленген нормаларға сай еместігі 11.2 газжолының ластануы 11.3 Бойлердің жолдары мен газиірімдерінде күйенің түзілуі. 11.4 отынның және ауаның дұрыс реттелмеуі	Газжолының құрылымын Сервис орталығымен келісіңіз. Газжолын тазалаңыз. Бойлердің жанарғысы мен газиірімдерін тазалаңыз. отын мен ауаның берілуін реттеңіз.*
12. Газжолының құбырынан қара немесе қара-сұр түтін шығады. Жану камерасында күйе түзіліп жатыр.	12.1 отынның және ауаның дұрыс реттелмеуі. 12.2 Бойлер жанарғысының ластануы 12.3 Қолданылатын отынның ұсынылған нормаларға сай еместігі.	Отын мен ауаның берілуін реттеңіз. Іске қосу режимін тексеріңіз.* Жанарғыны тазалаңыз.* Сервис орталығымен қолданылатын отын түрін келісіңіз.
13 Айналмалы сорғы шуылдайды , сипаттамалы соққы естіледі.	13.1 сорғының қалағына бөтен заттың түсуі (қабыршақ, металл және тағы басқалар)	Бойлердің желілік шнурын электр тогынан ажыратыңыз. Сорғыны бөлшектпен, сорғының іре берісінен бөтен затты алып тастаңыз. Аталмыш операцияны орындау мүмкін болмаса, 14.2 т. ұсыныстарын орындаңыз.
14 Айналу сорғысы жұмыс істемейді. Жылыту жүйесінің беру құбыржолы ыстық. Жылыту жүйесінің қайтымды құбыржолы салқын.	14.1 Ыстық сумен қамтамасыз ету режимінің қосылуы. Жылыту жүйесі бойынша жылу тасымалдағышының айналмауы. 14.2 Сорғы қозғалтқышының бұзылуы.	Егер Сізге жылу қажет болса, дистанционды басқару пультіндегі 2 немесе 5 түймесімен жылыту тәртібін қосыңыз. Сорғының электр қоректендіргішін сөндіріңіз немесе ГВС тәртібін қосыңыз, қаптама құбырының кранын ашыңыз және Сервис орталығымен хабарласыңыз.
15. Бойлерді ажыратқан кезде бойлердің жану камерасындағы жалын бірнеше уақыт жанады. Бойлердің жұмыс кезінде газжолынан түтін шығады. Бойлерде газ иісінің пайда болуы мүмкін.	15.1 Отын жүретін жолдың ластануы. 15.2 Отын бойынша бөлек клапан жанарғыда отынның берілуін толығымен жаппауы.	Отын сүзгісін, тұндырғышты, сорғыны тазалаңыз. Отын берілетін құбырды және ауа шығынын реттеңіз. Желіден бойлерді ажыратыңыз, отын жүретін құбырды жауып, Сервис орталығымен хабарласыңыз,

	15.3 Сорғы қозғалтқышының жұмыс істемеуі.	Желіден бойлерді ажыратыңыз, отын жүретін құбырды жауып, Сервис орталығымен хабарласыңыз
16. Бойлерді қосқанда металл сықыры және соққы естіледі.	16.1 Ауа жіберетін желдеткіштің қалағындағы тоқтатқыш бұранданың босауы. 16.2 Ауа жіберетін желдеткіштің қалағына бөтен заттың кіруі 16.3 Ауа жіберетін желдеткіш муфтасының істен шығуы.	Желдеткішті алып, қалағын қатайту.* Желдеткішті алып, бөтен затты алып тастау* Желдеткішті алып, муфтаны ауыстыру*
17. Жанарғы қалыпты жұмыс істейді. Отынның жұмсалуы паспорт деректерінен ерекшеленеді.	17.1 Отын берілісін реттеуінің бұзылуы. 17.2 Қолданыстағы жылыту жүйесінің құрылымдық кемшіліктерінің болуы: қыздырғыш аспаптардың және құбыржолдарының дұрыс есептелмеуі 17.3 Ғимараттың жылуды жоғалтулары бойлердің номиналды өнімділігінен артық.	Отынның берілуін реттеңіз.* Жылудың жоғалуын есептеу, аспаптар мен құбыржолдарын таңдаумен гидравликалық есеп жүргізу, жылыту жүйесіне тығынды және реттеуші арматураны салу. Есептерде жылытылмайтын бөлмелерді, ескі пен терезелердің тығызсыздығы салдарынан сыртқы ауаның кіруін, әйнекті қалқалардың болуын, қақпалардың, жиі ашылатын есіктердің болуын ескеру. Есептер негізінде қолданыстағы жылыту жүйесін қайта құрастыру, жылумен оқшаулауды жақсарту. Қажет болса, бойлерді ауыстыру. Ғимараттың жылу жоғалтуын есептеу. Жылуды жоғалту есептері бойлердің номиналды өнімділігінен 2-3 пайыздан артық болмау керек.
18. Қазандықтан ағу (жарықшақтың, тесіктердің пайда болуы)	18.1 Судың қаттылығы рауалы мәннен жоғары, жылыту сұлбасында қазандықты қайнаудан қорғау жүйесінің болмауы, монтаждау сұлбасы монтаждауға қойылатын технологиялық талаптарды қанағаттандырмауы	Монтаждау сұлбасын өзгерту, химиялық сумен тазалауды, жұмсартқышты, жылумен алмастырғышты және тағы басқаларды пайдалану.

* Аталмыш операцияларды орындай алмаған жағдайда Сервис орталығымен хабарласыңыз.

6. КЕПІЛДЕМЕ МІНДЕТТЕР

Компания-өндіруші орнату, пайдалану және қамтамасыз ету ережелері сақталған жағдайда жабдыққа сатып алған күннен бастап 12 айға кепілдеме (Кепілдеме талонын) береді.

Жабдықтың бағасына іске қосу-баптау және пайдалану жұмыстары кірмейді.

Пайдалануға өткізуі өндіруші-компанияның немесе оның өкілетті өкілімен берілген өткізу-қабылдау актісімен расталмаған жабдық кепілге қойылмайды.

Компания-өндіруші немесе өкілетті өкілі жабдықтың кепілдемесін және кепілдемелі қызмет көрсетуін Сатып алушы Кепілдік талонын ұсынған кде ғана бере алады.

Кепілдеме міндеттеме жабдықтың авариялық тоқтауында немесе бұзылуында келесі жағдайларда қолданылмайды:

- электр желідегі кернеудің рауалы мәннен ауытқуы;
- жабдықты дұрыс орнатпау және пайдалану;
- жылыту жүйесінің сұлбасы тиімсіз болуы;
- жылытқыш құрылғылардың жеткіліксіз қыздыруы;
- ғимаратты жылумен оқшаулаудың нашарлауы;
- жабдықты пайдалану кезінде жарықшақтардың және тесіктердің пайда болуы;
- жылыту жүйесінен тұрақты судың жиналуы;
- жылыту жүйесін тұрақты сумен қоректендіру;
- газжолында реттеуші құрылғылардың болмауы;
- бойлердің белгіленген қуатына есептелмеген ғимараттың жылуды көп жоғалтуы Осыған байланысты бойлерге артық жүктер түседі;
- Қазандықтың қаспаққа қарсы сақтандырғыштың болмауы;
- «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелері», «Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату және қауіпсіз пайдалану ережелері», «Электр қондырғыларды орнату ережелері» (ЭОЕ), «115С жоғары емес температурамен су қыздырғыш қазандарды орнату және қауіпсіз пайдалану ережелері» талаптарының бұзылуы;
- отын құбыржолының қирауы;
- отын жүретін жолдың тарлауы;
- «Электр қондырғылардың ережелері», «Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздік және пайдалану талаптары» бұзылуы
- Жабдықты пайдалануға «Буран-Бойлер» ЖШС қызметкерлерімен немесе оның уәкілетті өкілімен растайтатын құжаттың болмауы.
- Жабдықтың корпусындағы зауытты нөмірі бар тақтайшаның болмауы.

Жеткізілетін жабдыққа берілген кепілдеме міндеттемені растайтын құжат жоғалған жағдайда осы жабдық түріне кепілдік қайта берілмейді!

7. Жабдықтың кепілді сервистік қызметке қойылуына қажетті талаптардың ТІЗІМІ

1. Қазандық 10-15см еденнен жоғары бетонды алаңда орнатылу тиіс.

2.Қазанды жылу жүйесіне қосу үшін таратқыш құбырға дейінгі құбырлардың диаметрі қазанның қосқыш түтікшелердің диаметрінен үлкен және сөндіргіш арматурасы (кран, бұранда, жапқыш, т. с. с.) болу керек. Ыстық су құбыржолдары ыстық судың нобайынан қазандықты ажырату үшін қазандыққа сгондардың қолдануымен жалғану тиіс.

3.Жылыту жүйесінің контурындағы екі үстіңгі түтікшенің кез келгенінде арматурасыз авариялы жинағыш орнатылуы тиіс.

4.Газ жолдың диаметрі шығару түтікшенің диаметрінен кем емес және бөлшектеленетін фланецты байланыстары бар болу тиіс.Газжолдың горизонталды учаскесінде конденсаттың жағу камерасына өтуді алдын алу үшін 3° кем емес теріс бұрыш келбеуі болу керек, және ол 2м-ден көп емес, қуаттылығы 45 кВт-қа дейін қазандықтар үшін, ал 45 кВт-тан жоғары қазандықтар үшін қазандықтың шығару түтікшенің осінен вертикалды учаскесіне дейін 3,5 м болу керек. Газжолдың вертикалды учаскесінің астыңғы жағында конденсатты құйып тастау үшін бұқтырмасы бар стақан және газжолын тазалайтын люгі бар болу тиіс. Бір ортақ газжолына қосылатын екі және одан да көп қазандықтарды орнату кезде әр қазандықтың газжолында шиберлерді орнату керек.

5.Газжолдың жиналмалы бөлігін алып тастаған кезде, қалған бөлігінде үй төбесі мен бекіткіштер немесе ұстағыштар бар болу тиіс.

6.Айнылмалы сорғыларды оның өндіруші-фирманың монтаждау ұсыныстарына сәйкес құрастырылған болу тиіс және жапқыш арматурасы бар болуы тиіс. Айнылмалы сорғы мен ыстық су беру нобайының кірісінде су сүзгіштерін орнату керек.

7. Қазандық тұратын бөлмесіндегі кіріс және шығыс желдеткіш қимасының ауданы 0,02 $м^2$- тан кем болмауы керек.

8. Қазандық тұратын бөлмесіндегі отын ыдысы отынның берілуін жанарғыға өздігінен ағатындығын қамтамасыз етілуі тиіс.Отынның рециркуляциясы бар жанарғылар үшін отын ыдысының және отын құбыржолдарының монтаждауы өндіруші-фирманың ұсыныстарына сәйкес жүргізілуі тиіс.Отын құбыржолындағы түпкі краны мен жанарғының арақашықтығы қосылатын жанарғының отынды шлангтың ұзындығына сәйкес болу керек. Өздігінен ағатын отынмен жұмыс істейтін жанарғылар үшін отын құбыржолы ½ диаметрі болу тиіс.

9. Газды жанарғылар үшін газды жеткізу құбыржолының диаметрі жанарғының өзіндегі редуктордың қосылатын диаметрінен кем болмау керек.Газды жеткізетін құбыржолдың соңында ажырату краны оранатылу тиіс.Жанарғы мен құбыржолдың арасындағы вибрацияға қарсы құрал, газдың канализациясына арналған, иілгіш құбыржолдың қолданылуымен орындалуы тиіс.

10.Жабдықты электр кернеудің кенет секірістерінен сақтау үшін кернеу стабилизаторын немесе сөндіргіш құрылғыны орнатқан жөн.

11.Қазандық және газжолына міндетті түрде жерлендіруін жасаған жөн.

12.Қазандықтың электр желісіне қосылу нүктесі жерге қосу контакты бар розеткасы болу керек және қазандықтың желілік бауының ұзындығы шегінде тұру керек.

13. Кез келген қуаттағы үшфазалы электржабдыққа және қуаты 1 кВт- тан асатын бірфазалы электржабдыққа жіберу- реттеу аппаратураны (пускатель, контактор, реле және т. с. с.) орнату қажет. Ол аппаратураның қосылу нүктелері негізгі құрылғыдан 2 м.- ден алыс емес қашықтықта орналасқан жөн.

14.Іске қосу-баптау жұмыстарын іске асыру үшін объектіде міндетті түрде жанарғының түріне байланысты электрэнергиясы , дизельді отыны немесе газ болуы тиіс.Жылу жүйесі сумен толтырылып прессстелген болу керек.

15. Іске қосу- баптау жұмыстарын іске асырғанға дейін сатып алушы инженер – баптаушыға жабдықтың төлқұжатын және іске қосу- баптау жұмыстарын төлегенін растайтын тіркеме қағазын (накладная) көрсетуі тиіс.

16. **Іске қосу- баптау жұмыстарының құнына инженер – баптаушының жабдықты кепілдік сервистік қызметке қою үшін екі рет келуі кіреді. Егер де инженер – баптаушы келгенде аталған шарттар орындалмаса, онда инженер – баптаушының келесі келуі бекітілген құн бойынша ақылы болады.**

9. БОЙЛЕРДІҢ ЭЛЕКТР ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ СҰЛБАСЫ



СУ ЖЫЛЫТҚЫШ БОЛАТТЫ ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бойлерді басқа тұлғаға берген жағдайда бойлермен бірге осы формуляр табыс етіледі.

1. ЖАСАЛУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
Қазандық жасалған:
«Буран Бойлер»ЖШС
ҚР,Алматы қаласы,Молодежная көш.,22 үй
тел.278-97-61/63,факс 278-97-64
E-mail: buran@buran.kz

1.1 Жалпы мәліметтер

Шығарылған жылы, айы	
Зауыттық нөмірі	
Түрі (моделі)	КВа- (ВВ)
Қолданылуы	Ыстық сумен қамтамасыз ету және жылыту үшін
Отын түрі	Табиғи газ немесе сұйық отын 61 С° булардың жарқ ету температурасымен
Судың максимум температурасы ,С°	
Жылу өнімділігі,кВт	
Суқыздырғыш қазандықтың көлемі, $м^3$	

1.2 Жеткізу комплектісі

Атауы	Саны	Техникалық сипаттамасы
Қазандық	1	СТ ЖШС 40550360-01-2007
Жанарғы*		
Құжатнама:		
• Қолданушының нұсқаулығы мен төлқұжат	1	
• Іске қосу, пайдалану және қызмет көрсету туралы басшылығы	1	

*жанарғының моделі төлқұжатқа іске қосу баптау жұмыстарын жүргізген кезде авторластырылған ұйыммен енгізіледі.

1.3 Өлшеу, басқару, сигнализация, реттеу және автоматтық қорғау үшін негізгі аппаратура жайлы мәліметтер∗

Атауы	Саны	Түрі (маркасы)∗∗	МСТ немесе ТУ
Басқару панелі,оған қоса:	1		Оңтүстік Кореяда шығарылған
Электронды контроллер	1	UK сериясы	- « -
Термометр	1		- « -
Температура датчигі	1		- « -
Артық қызу датчигі	1		- « -
Судың төмен деңгейінің датчигі	1		- « -

∗ Қазан мен аппаратура жеткізілген кезде Жасап шығарушы толтырады. Басқа жағдайларда қазанның иесі толтырады.
∗∗ Аппаратураның типі (маркасы) өзгеруі мүмкін.

ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КҮӘЛІК

Сужылытқыш болатты қазандық КВа - _____ (ВВ_____)
зауыттық нөмірі _____
«Булы және суқыздырғыш қазандарының құрылғысына өнеркәсіптік қауіпсіздігі
және пайдалану талаптарына» сәйкес шығарылған
ЖШС СТ 40550360-01-2007
және пайдалануға жарамды болып табылады

Өндіріс бойынша Директоры _____

ТББ бастығы _____

«____» _____ 20 ж.

М.О.

2.ОРНАТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2.1. Қазандықтың орналасқан жері туралы мәліметтері

Кәсіпорын атауы мен мекен-жайы	Қазандық орналасқан жері (мекен-жайы)	Орнату күні

2.2.Орнатылған арматура туралы мәліметтер

Атауы	Саны	МСТ, ТУ	Шартты өту жолы	Шартты қысым МПа (кгс/см^2)	Орнатылған орын

2.3. Қоректендіргіш құралдар туралы мәліметтер

Атауы	Түрі	Саны	Параметрлері		Келтіру түрі (булы,электрлі)
			Номиналды берілуі,м3/ч	Қысым,МПа (кгс/см2)	

2.4. Сужылытатын жабдық туралы мәліметтер

Атауы	Саны	Техникалық сипаттамасы

2.5.Қазанның жөнделуі мен қысыммен жұмыс істейтін бөлшектердің ауыстырылуы жайлы мәліметтер

Күні	Жөнделу мен ауыстырылу жайлы мәліметтер	Жауапты тұлғаның қолы

2.6.Дұрыс күйіне және техникалық пайдалануға жауапты тұлға

Тағайындалу туралы бұйрықтың нөмірі мен шығарылған күні	Лауазымы, аты- жөні	Білімі тексерілген күні	Қолы

2.7.Куәландыру туралы мәліметтер

Күні	Куәландыру нәтижесі	Келесі куәландыру мерзімі	Жауапты тұлғаның қолы